

- 6 Neuliep, J. W. The relationship among intercultural communication apprehension, ethnocentrism, uncertainty reduction, and communication satisfaction during initial intercultural interaction: An extension of anxiety and uncertainty management (AUM) theory. *Journal of Intercultural Communication Research*, 2012. 41(1), 24/28; Gardner-Chloros P. *Code-switching*. Cambridge: Cambridge University Press, 2009. – 132/254 p.
- 7 B. Spolsky. *Rethinking Language Policy*. Edinburgh University Press, 2021. – 9, 17/272 p.
- 8 Barron-Hauwaert, S. *Language Strategies for Bilingual Families: The One-Parent-One-Language Approach*. Clevedon/Buffalo/Toronto: Multilingual Matters, 2004. – 163/460 p.
- 9 Nilep C. Code switching in sociocultural linguistics. *Colorado Research in Linguistics*, 19 (1), 2006. – 1-22; Auer P. *Code-switching in Conversation: Language, Interaction, and Identity*. London: Routledge, 1998. – 23/35 p.
- 10 Weinreich U. *Languages in Contact*. - N.Y, 1953 (1st ed.). 197/232 p.
- 11 García Ofelia and Tatyana Kleyn. *Translanguaging Multilingual Students: Learning from Classroom Moments*. New York: Routledge, 2016. – 98/236 p.
- 12 Danilova V.V., Bermuhametova A.A., Asanova A.B., Kinzhibaeva A.S. Diskurstagy kodty auystyrudyn zhane sociolektin manyzdylygy (Znachenie kodovyh pereklyuchenij i sociolekta v diskurse). // *Kostanai memlekettik universitetinin pedagogikalyk institutynyn habarshysy*, 2019. – №2 (54). – 30-36 p. <http://rmebrk.kz/journals/5224/63949.pdf>
- 13 Zharkynbekova Sh.K., Chernyavskaya V.E. Kazak-orys bilingvaldy tazhiribesi: kommunikativti arekettesudegi kod aralastyru resurs retinde (Znachenie kodovyh pereklyuchenij i sociolekta v diskurse) // *Resei halyktar dostygy universitetinin habarshysy. Seriya: Til teoriyas. Semiotika. Semantika*. - 2022. - T. 13. - №2. - C. 269/468-482 p. doi: 10.22363/2313-2299-2022-13-2-468-482
- 14 Lewis G., Jones B., & Baker C. *Translanguaging: Developing its conceptualization and contextualisation*. *Educational Research and Evaluation*, 2012. 18 (7), 655-662/670 p.; Canagarajah S. *Codemeshing in academic writing: Identifying teachable strategies of translanguaging*. *The Modern Language Journal*, 95, 2011. – 407/417 p.
- 15 Garcia O., & Wei L. *Translanguaging: Language, Bilingualism, and Education*. New York, NY: Palgrave MacMillan. 2014. – 19-21/165 p. <https://doi.org/10.1057/9781137385765>

Received: 29.09.2023

MFTAP 16.31.51

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss4pp210-220](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss4pp210-220)

Ж.Р. Абнасырова¹, А.Ф. Сембаева², Г.А. Ескермесова², Б.Д. Мұқаш¹

¹SDU University, Қаскелең, 040900, Қазақстан Республикасы

²Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, 050000, Қазақстан Республикасы

ШЕТ ТІЛІН ОНЛАЙН ПЛАТФОРМАЛАР АРҚЫЛЫ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ӘЛЕМ ТІЛ БІЛІМІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

Қазіргі цифрлы технологияның дамыған заманында өзіне қажет тілді үйренем деген адам оны интернет арқылы да үйрене алады. Адамдар компьютер, смартфон, планшет және телефонды бір-бірімен қарым-қатынас құралы ретінде қолданатын, ал қазіргі уақытта сол ақпарат құралдарын пайдалану арқылы өзге тілді де меңгере алу мүмкіндігі туды. Қазір бұлар тек байланыс құралы ғана емес жаңа білім, жаңа дағдыны алуға да қажетті бірден бір құрал болды. Олардың артықшылығы кез келген жерде және кез келген уақытта оқимын, үйренемін деген дүниенізге оңай қол жеткізе аласыз.

Әлемдік тіл үйрету әдістемесін қарастыратын болсақ қазіргі уақытта мобильді технологиялардың қолжетімділігінің дамуына байланысты тіл үйренушілерге қалаған тілді

кез келген жерде, кез келген уақытта өздігінен үйренуге арналған ашық білім беру платформалары көптеп жасалып, сол платформалар жан-жақты зерттелуде.

Мақалада ашық білім беру платформасы арқылы шет тілін үйрету әдістемесінің ғылыми-теориялық негіздерін анықтау үшін әлемдік зерттеу еңбектеріне шолу жасалды және әлем тілдерін ашық білім беру платформасы арқылы үйрету әдістемесіндегі ғылыми тұжырымдар мен практикалық бағыттарды қорыта отырып қазақ тілін шет тілі ретінде ашық білім беру платформасы арқылы оқытуды дамыту қажеттілігі айтылды.

Кілт сөздер: ашық білім беру платформасы, қашиқтан оқыту, қазақ тілі, шет тілі ретінде оқыту, цифрлық технологиялар.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Тәуелсіздік алғаннан бері осы күнге дейін қазақ тілін шет тілі ретінде оқытудың практикалық тәжірибесі жинақталып, теориялық құнды еңбектер жарияланды. Қазіргі уақытта ол еңбектер қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда тиімді пайдаланылып жүр. Алайда жаңа ғасыр – цифрлық технологиялардың дамыған ғасыры. Цифрлық дәуір білім мен педагогтің жан жақты дамуын, жаңа заманға сай бейімделуін талап етеді. Цифрлы Қазақстанда жаңа ұрпақ жаңаша әдістерді қажет етеді. Әсіресе, тіл үйренуші, шетелдік азаматтар, цифрлық технологиядан біршама хабардар. Жаһандану заманында Қазақстанның халықаралық кеңістіктегі саяси, экономикалық беделіне сай өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін үйренуге деген қызығушылығы артуда. Шетел азаматтарының сол қызығушылығын жоймай, қазақ тілін оңай әрі жылдам үйренуі үшін біз тілдерді оқытудың жаңа заманға сай жаңа тәсілдерін іздегеніміз дұрыс.

Елімізде білім алып жатқан және өзге мемлекетте жүрсе де қазақ тіліне деген қызығушылығы бар шетелдік азаматтардың мемлекеттік тілімізді үйренуге деген қызығушылығын арттыру үшін қазақ тілін шет тіл ретінде ашық білім беру платформасы арқылы оқытуды ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздей отырып, қазақ тілін үйретудің қазіргі заман талабына сай әдістемесін ұсынуымыз қажет.

Сол себептен де мақаламызда әлемдік платформалар және олардың зерттелуі туралы айта отырып, шетелдік азаматтарға қазақ тілін үйретуге арналған ашық білім беру платформасының қажеттілігі мәлесін негізгі тақырып етіп алып отырмыз.

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев алдағы уақытта мемлекеттік тілдің мәртебесі артатындығын жариялаған болатын. Бағдарламаның басты мақсаты: қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі толыққанды қызметін қамтамасыз ете отырып, латын графикалы әліпби негізінде қазақ тілін жаңғыртуға, тіл мәдениетін одан әрі арттыруға және тілдік капиталды дамытуға бағытталған үйлесімді тіл саясатын жүргізу болып табылады [1]. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның халықаралық кеңістіктегі саяси, экономикалық беделіне сай шетел азаматтарының қазақ тіліне сұранысы да жылдан жылға артып келеді. ТМД елдерінде де қазақ тілін үйрету кеңінен дамуда. Польшаның бірнеше университеттерінде біраз жыл бұрын қазақ тілін кәдімгі пән ретінде оқыту қалыптасып, қазіргі кезде толық сiңiсiп кеткен. АҚШ-та да қазақ тілін оқытатын бірнеше университетте қазақ тілін оқыту жүйесі қалыптасқандығы айтылуда. Сонымен қоса, Мэдисон университетінде қазақ тілін оқытатын жаздық курстар бар. Алмания, Германия, Франция университеттерінде де қазақ тілі оқытылады. Анар Салқынбай өз сұхбатында Қытай елінің де қазақ тілін оқытуға көңіл бөліп отырғандығын айтып өтті [2].

Осындай қазақ тіліне деген сұраныс күшейіп келе жатқан уақытта педагогикалық қоғамдастықтың алдында өзекті мәселелердің бірі болып тұрған цифрлық білім беру ресурстарын белсенді қолдану мемлекеттік тілді үйретудің жоғары сапасын қамтамасыз етеді.

Цифрландырудағы негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету [3]. Ең бастысы – білім беру сапасын арттыру.

Қазіргі кезде Қазақстанда білім берудің жаңа жүйесі жасалынып, қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Жылдамдықпен келе жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы атты жолдауында «Білім беру реформасы Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі» [4] деп атап көрсетті. ХХІ ғасырда ақпараттық техника мен технологиялардың үдемелі дамуының арқасында жоғары оқу орындарында виртуалды оқыту, ашық білім беру ресурстары, бұлтты технологиялар, сандық білім беру ресурстары, т.б.білім беру ресурстары қолға алынуда.

Осы тұрғыдан алғанда, ашық білім беру платформаларын зерттеу ана тіліміздің шет тілі ретінде оқыту әдістемесін жетілдіруде оң өзгерістерге бағытталатыны және қазіргі заманға сай жаңашыл зерттеу болатыны айдан анық.

Дамыған елдердің жоғары мектептерінің ерекшеліктерінің бірі – ашықтық. Ашық білім беру ресурстары ұғымының өзі жаңа және әлі күнге тұрақталған нақты анықтамасы жоқ. Бұл құбылыстың өзі қазіргі уақытта бірнеше атауға ие: ашық білім (Е.Г. Азимов және А.Н. Шукин), жаппай ашық онлайн курстар (МООС) (Е.Г. Азимов), ашық білім беру ресурстары, Жаппай қашықтықтан ашық оқыту курсы (МОДК) (В.Н.Кухаренко) [5]

Қалай болғанда да тіл үйренушілерге жаңа технологиялар мен мультимедия мүмкіндіктерінің арқасында тілді үйрету нарығы басталып келеді. Ашық білім беру бұл онлайн оқытудың үздіксіз, әрі кез келген уақытта қолжетімді заманауи білім беру жүйесі болып табылады. Кез келген адам сабақтың уақыты мен орнын өз бетінше таңдау арқылы жаңа білім мен дағдыларды тегін ала алады. Ашық білім берудің принципі – адамның білім алу уақыты шексіз.

Әлемде тіл үйрету нарығы интернет пен мультимедианы кеңінен қолдану арқылы жаңа технологиялық мүмкіндіктердің көмегімен дамып келе жатқан уақытта қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда әлемдік ашық білім беру платформаларын зерттеу және солардың ішіндегі ең озық үлгілеріне қарай отырып, тіл үйрететін платформалар көптеп жасалынуы қажет.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

ХХІ ғасырда ақпараттық техника мен технологиялардың үдемелі дамуының арқасында жоғары оқу орындарында виртуалды оқыту, ашық білім беру ресурстары, бұлтты технологиялар, сандық білім беру ресурстары, т.б. білім беру ресурстары қолға алынуда. Цифрлық дәуірде берілетін білім де жаңа заманға сай бейімделуі керек. Егер тілді шет тілі ретінде оқыту әдістемесі бойынша шетелдік және отандық ғылыми-әдіснамалық, психологиялық-педагогикалық зерттеу материалдарына шолу жасалса, әлемнің үздік тіл оқыту платформалары зерттеліп, қазақ тілін үйренгісі келетін шетелдік азаматтарға қай жақта болса да қолжетімді болатын ашық білім беру платформасы жасалса, ашық білім беру платформасы арқылы оқытудың әдістемелік жүйесі жасалып, психологиялық-педагогикалық негіздері анықталса онда қазақ тілін шет тілі ретінде қашықтықтан оқыту теориясы мен практикасын қалыптастырып, қазақ тілін шет тілі ретінде оқытудың ХХІ ғасыр сұранысына жауап бере алатын, өзіндік жаңаша әдістемесін дамытуымызға болады.

Мақаламыздың басты мақсаты – ашық білім беру платформасы арқылы шет тілін үйрету әдістемесінің ғылыми-теориялық негіздерін анықтау үшін әлемдік зерттеу еңбектеріне шолу жасау және әлем тілдерін ашық білім беру платформасы арқылы үйрету әдістемесіндегі ғылыми тұжырымдар мен практикалық бағыттарды қарастыру.

Ашық білім беру платформасы арқылы шет тілін үйрету әдістемесінің ғылыми-теориялық негіздерін анықтау барысында әлемдік зерттеу еңбектеріне шолу жасала отырып, талдау, салыстыру, жинақтау, мәліметтерге сыни тұрғыда сипаттама беру, қайта өңдеу әдістері

қолданылды. Әлем тілдерін оқыту әдістемесіндегі ғылыми тұжырымдар мен практикалық бағыттарды қорыта отырып қазақ тілін шет тілі ретінде ашық білім беру платформасы арқылы оқытуды дамыту қажеттілігі айтылды.

Материал ретінде әлемдік платформаларды пайдалану арқылы шет тілін үйрету барысында түрлі эксперименттер мен сауалнама, байқау, бақылау әдістерін қолдана отырып платформа арқылы оқытудың тиімділігі мен проблемаларын өз зерттеу тәжірибелері бойынша жазған шет елдік бірнеше зерттеу мақалалары алынып, соларға жан-жақты талдау жасалынды.

НӘТИЖЕЛЕР

Тіл қарым-қатынаста маңызды рөл атқарады. Тіл дегеніміз - адам мен адамды, ұлт пен ұлтты жақындастыратын ерекше қатынас құралы. Адам баласы тіл арқылы бір-бірімен қарым-қатынас жасай алады. Тілдер дағдылардан да көп, олар адамдар қауымдастығы арқылы әрекет ететін орта болып табылады, әлеммен араласу, оны түсіну және қарым-қатынасты нығайту үшін, әрине, тіл керек. Адам баласы қай жерде болса да қызықты қарым-қатынасқа ие болу осы тілді білуге байланысты. Ал тіл үйрену де, тіл үйрету де оңай шаруа емес. Әр тілдің өз қиындықтары бар. Өзге тілді үйрету әдісі үнемі заман талабына, уақыт ағымына қарай өзгеріп, дамып, жетіліп отырады. Қазіргі цифрлы технологияның дамыған заманында өзіне қажет тілді үйренем деген адам оны интернет арқылы да үйрене алады. Адамдар компьютер, смартфон, планшет және телефонды бір-бірімен қарым-қатынас құралы ретінде қолданатын, ал қазіргі уақытта сол ақпарат құралдарын пайдалану арқылы өзге тілді де меңгере алу мүмкіндігі туды. Қазір бұлар тек байланыс құралы ғана емес жаңа білім, жаңа дағдыны алуға да қажетті бірден бір құрал болды. Олардың артықшылығы кез келген жерде және кез келген уақытта оқимын, үйренемін деген дүниенізге оңай қол жеткізе аласыз.

Технология күндеп емес сағаттап даму үстінде: ол басқа салалармен қоса білім беру саласына да тікелей байланысты. Цифрлы технологияның дамыған заманында смартфондар арқылы күрделі машиналық аударма жасауды да, табиғи тілді өңдеуді де жүзеге асыра аламыз. Смартфондар тілді жақсырақ түсінген сайын, олар бізге өзге тілдерді жылдам үйренуге де көмектеседі. Қазіргі уақытта шет мемлекеттерде қалаған тілдерді үйренуге арналған қолданбалар барған сайын танымал бола бастады, бұл қолданбаны пайдаланушылар әлеуметтік медиаға тіркелсе болғаны қажетті уақытта өзге тілді үйренуге мүмкіндік ала алады.

Тәуелсіздік алғаннан бері осы күнге дейін қазақ тілін шет тілі ретінде оқытудың практикалық тәжірибесі жинақталып, теориялық құнды еңбектер жарияланды. Қазіргі уақытта ол еңбектер қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда тиімді пайдаланылып жүр. Алайда жаңа ғасыр – цифрлық технологиялардың дамыған ғасыры. Цифрлық дәуір білім мен педагогтің жан жақты дамуын, жаңа заманға сай бейімделуін талап етеді. Цифрлы Қазақстанда жаңа ұрпақ жаңаша әдістерді қажет етеді. Әсіресе, тіл үйренуші, шетелдік азаматтар, цифрлық технологиядан біршама хабардар. Жаһандану заманында Қазақстанның халықаралық кеңістіктегі саяси, экономикалық беделіне сай өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін үйренуге деген қызығушылығы артуда. Шетел азаматтарының сол қызығушылығын жоймай, қазақ тілін оңай әрі жылдам үйренуі үшін біз тілдерді оқытудың жаңа заманға сай жаңа тәсілдерін іздеуіміз қажет.

ТАЛҚЫЛАУ

Әлемдік тіл үйрету әдістемесін қарастыратын болсақ қазіргі уақытта мобильді технологиялардың қолжетімділігінің дамуына байланысты тіл үйренушілерге қалаған тілді кез келген жерде, кез келген уақытта өздігінен үйренуге арналған ашық білім беру платформалары көптеп жасалып, сол платформалар жан-жақты зерттелуде. Соның бірі қазіргі көбіміздің қолданып жүрген – Duolingo қосымшасы. Duolingo бұл қалаған тілді үйренуге арналған тегін қосымша. Бұл платформаны 2011 жылы Луис фон Ан және Северин Хакер жасаған. Википедияның беретін ақпараты бойынша: Duolingo – америкалық онлайн тіл үйрететін сайт

және қосымша, сондай-ақ цифрлы тілдік қабілетін тексеру емтиханын қамтитын freemium (шартты түрде тегін) форматтағы тіл үйрететін платформа. 2018 жылдың қазанындағы мәлімет бойынша тіл үйрену сайты мен қолданба 37 тілде 81 әр түрлі тіл үйрену курстарын ұсынады. Қолданбада бүкіл әлем бойынша шамамен 300 миллион тіркелген пайдаланушысы бар.

Тіл үйренуге арналған ақысыз сайттар баршылық, соның ішіндегі қазіргі уақытта Қазақстандық азаматтардың да көбінің қолданып жүрген қосымшаларының бірі – Duolingo. Бұл қосымшаны пайдалану оңай және жаңа тілді үйрену қызықты. Duolingo бірнеше модульдерден тұрады. Олар: *сөздер, сөз тіркестері, тамақ, сын есімдер, отбасы, сұрақтар, сандар, үй, түстер, орындар, дүкендер, жануарлар, күндер мен уақыттар, табиғат және дәріхана*. Жалпы әр модульде күнделікті өмірге қажетті деген тақырыптар қамтылған. Әр сабақта суреттер, мәтін және аудио бар, кей уақыттарда тыңдалым және айтылым дағдыларын тексеру үшін микрофонмен сөйлесуге де болады. Тіл үйренуші қарапайым тақырыптан бастап күрделі тақырыптарға өту үшін әр сабақтан бір-бірлеп өтіп, тест тапсырулары қажет немесе әр сабақтың бір модулінен кейінгі қорытынды тестті тапсыруды таңдап, сол тестті тапсыру арқылы ғана келесі бөлімге ауыса алады. Бұл қосымшада тіл үйренуші төрт дағдыны (тыңдалым, оқылым, жазылым, сөйлесім) да жақсы меңгере алады. Аталған қосымшада аздан көпке, оңайдан жеңілге деген қағида жақсы ұстанылған.

Duolingo қосымшасы тек Қазақстанда ғана емес әлемде де жақсы қолданылып жүрген қосымша деп айтуға болады. Өзге ұлт өкілдеріне шет тілін оқытуды зерттеп жүрген әлемдік ғалымдардың жазған мақалаларына сүйенетін болсақ бұл қосымша тек тіл үйрену үшін ғана қолданылып қоймай, зерттеушілердің аталған платформаны зерттеуге деген қызығушылықтарының жоғары екендігін байқаймыз.

«Ұялы телефон арқылы тілдерді үйрену: Duolingo қосымшасы бойынша» <https://doi.org/10.1017/S0958344019000065> [6] атты мақалада авторлар қосымшаны жан жақты зерттеп, тіл үйренушілерге тигізетін тиімділігін дәлелдеп өткен. Аталған зерттеу еңбегінде зерттеушілер өздерінің түрік тілін шет тілі ретінде оқытатын студенттеріне семестр бойы Duolingo қосымшасынан түрік тілін үйретіп, солардың алған нәтижелерінің қорытындысы қарастырылады. Авторлар зерттеуге қатысушылардың зерттеу соңында ұпайларының жақсарғанын көрсете отырып, Duolingo-ға жұмсалған уақыт пен дәрістегі оқу арасындағы байланыстың оң және қалыпты болғандығын көрсетеді. Қатысушылар өз тәжірибелері бойынша Duolingo-ның кейбір кемшіліктерін айта келе, қосымшаның қолданылу икемділігі мен геймификациясына оң көзқараста болған. Мақала соңында авторлар тіл үйренуге арналған коммерциялық қосымшалардың тиімділігін және аралас оқыту тіл үйренушілердің жылдам нәтижеге қол жеткізуіне көмектесетінін айтып өтеді.

«Duolingo тіл үйрену платформасындағы ойын элементтерін бағалау» атты <http://dx.doi.org/10.1109/ICCOINS.2018.8510568> [7] мақалада Duolingo қосымшасындағы берілген ойындар тіл үйрену барысында тиімді бағалау тәсілі екендігі айтыла келе, зерттеу барысындағы 1000 қолданушының пікіріне және зерттеу нәтижесіне сай бұл аталған бағалаудың тіл үйренушілерге өте жақсы әсер ететіндігі жазылған. Авторлардың пайымдауынша өзге тілді үйренуге арналған Duolingo геймификациялық білім беру платформасындағы «Жеңіс» сериясы қолданушылардың қалыпты түрдегі жүйелі оқу әрекеттерін күрделі ойын әрекетіне айналдыра отырып, тілді дамытады және ойында ұту арқылы озық пайдаланушылардың тілді үйренуге деген мотивациясы артады.

Тіл үйренуде Duolingo қосымшасын пайдалануға арналған тағы бір мақаланың бірі Pilar Munday-дің Тіл мектептерінде DUOLINGO қосымшасын қолданудағы өз тәжірибесімен бөліскен мақаласы <http://dx.doi.org/10.5944/ried.19.1.14581> [8]. Мақалада автор екінші курс студенттеріне испан тілін екінші тіл ретінде A1 және B2 деңгейлеріне оқыту бағдарламасының бір бөлігі ретінде қолданып, соның нәтижесі туралы айтып өткен. Бұл мақалада қосымшаның мобильді құрылғыдағы қолжетімділігі, оның геймификация аспектісі және тапсырмалардың әртүрлілігі студенттерге ұнайтындығын айта келе қолдануға оңай,

пайдалы және әлеуеті жоғары, бірақ оның негізгі сабақтары негізделмеген деген тұжырым айтады.

Байқағанымыздай Duolingo ашық білім беру платформасына байланысты зерттеу мақалалары біраз жазылып жатыр және бұл платформа әлі де жан жақты зерттелу үстінде.

«Жаңа технологиялар: Боттар тілді үйрену құралдары ретінде» [9] атты мақалада авторлар қазіргі интернеттің дамыған заманында тіл үйренуші студенттерге осы чат-боттардың тиімділігі туралы айтады. Тілді үйрену де, үйрету де оңай емес, оқытушы тіл үйренуші студентке шет тілін үйрету үшін барын салып оқытып, барлық әдістерді қолданғанымен алдында отырған барлық студентке бірдей уақыт бөлуі мүмкін емес сол уақыттарда осы чат-боттардың тигізер пайдасы өте зор, чат-боттарды студенттер кез-келген уақытта және кез-келген жерде тіл жаттықтыру үшін қолдана алатынын айта келе өздерінің зерттеу жұмысында 211 студентке екі танымал ботты қолдандырып эксперименттің нәтижесі бойынша қорытынды жасайды. Зерттеу жұмысындағы авторлардың беретін қорытындысы: Осы мақаланың тақырыбы айтып тұрғандай, боттар тіл үйретуші мұғалімдер және тіл үйренушілер үшін әлеуетті құнды құрал болып табылады. Чат-боттар әлі тіл мұғалімі немесе тіпті ашық тіл үйрену құралы ретінде басынан бастап әзірленбегенімен, қазіргі күйінде де олардың бірқатар қолданушылары бар. Чат-боттармен жұмыс жасау тіл үйренуші студенттерге өте қажет тәжірибе. Чат-боттарды өз сабақтарында қолдануға қызығушылығы бар мұғалімге көмек ретінде айтатын алты тәсіл:

1) Еркін сөйлеу: Тіл үйренуші студенттерге өз өздеріне тәжірибе жасауына мүмкіндік берудің тамаша тәсілі. Сынып жұмысын ерте аяқтаған студенттер үшін бұл үлкен сыйлық. Жазба жұмысын ерте аяқтаған студенттерге тегін чат-ботпен жұмыс жасауға мүмкіндік бересіз. Қолдан келгенше сабақтан тыс тақырыпты бергеніңіз абзал. Студент үшін бұл жұмыс сабақтың жалғасы емес үзіліс болып көрінуі керек.

2) Пікір: Бұл чат-боттарды практика ретінде қолдануға болады. Сабақ соңында мұғалім студенттерге жаңа тілдік дағдыларын сынап көру үшін 10-15 минут уақытын арнайы чат-боттармен жұмыс жасауға бөле алады. Бұл мұғалімнің мақсатына қарай оқулықпен де, оқулықсыз да жүзеге асады.

3) Өзін өзі бағалау: Кейбір чат-бот веб-беттерінде «стенограмманы көру» мүмкіндігін береді. Бұл студенттердің өздерін, серіктестерін немесе тіпті боттарды бағалаудың тамаша бір тәсілі. Студенттер жоғарыда аталған әрекеттердің кез келгенінде сөйлесіп, содан кейін стенограмма нәтижесін өздері қарап, қажет болған жағдайда басып шығаруға немесе электрондық поштасына жіберуіне болады.

4) Мұғалім үшін: Jabberwasky сияқты ботқа жазылып сөйлесу арқылы мұғалім оқушыны қадағалай алады. Ол жақтан студенттердің қалай дамып жатқанын, олар қай тілді үйренгісі келетінін, қандай көмек керек және ең бастысы олар қандай тақырыптар туралы көбірек білгісі келеді осыларды біле аласыз

5) Тыңдау: чат-боттар мәтінді аудиоға аударуда әр түрлі деңгейге ие. ALICE боты жылына 99 доллар тұратын нұсқасында жақсы әсер ету үшін Oddcasts Streaming Audio пайдаланады. Джаббервок, керісінше, сәйкес дыбысты жасау үшін компьютердің бұрыннан бар мәтінді дыбысқа ауыстыру функциясын пайдаланады. Бұл опцияны жай ғана қосу ойынды жаңадан бастаушылар үшін қызықты, өйткені олар бір уақытта оқи және тыңдай алады.

6) Жоғарыда ұсынылған ұсыныстар сыныпта компьютерлер бар болған жағдайда жасалады. Бұндай жағдай болмаса бұл жаттығуларды үй тапсырмасы ретінде беруге болады. Мұғалім оқушылардың тапсырмаларын орындап жатқанын тексеріп, көз жеткізгісі келсе, транскриптерді басып шығаруға және сыныпқа әкелуге немесе мұғалімге электрондық пошта арқылы жіберуге болады.

Авторлар сөз соңында тілді үйренуге арналған чат-боттардың студенттерге тиімділігі жоғары екендігін айта келе, қазіргі уақытта өте жақсы деп айта алатын чат-боттар аз екендігін ал егер осындай пайдалы чат-боттарды көбейту үшін оқытушылардың көптеп жасауға қатысқандығы дұрыс болатындығы туралы айтып өтеді.

«Тіл үйренушілердің тілді үйрену үшін технологияны өз бетінше пайдалануын арттыру: онлайн оқыту платформасының тиімділігі» <http://dx.doi.org/10.1080/09588221.2014.889714> [10] атты мақалада бір топ бакалавриат студенттері 12 апталық тренингке қатысқан. Тренингке дейінгі және одан кейінгі сауалнамаға студенттердің жауаптарын талдау оқыту бағдарламасының тілді үйренуге арналған технологияларды өз бетінше пайдалану жиілігін ынталандыруда және осы оқу әрекеттерін қолдау үшін жоғары дайындық пен күшті білім мен дағды базасын ынталандыруда тиімді екенін көрсетті» дейді автор. Мақала жазу барысындағы жүргізген зерттеу нәтижелері бойынша онлайн білім алу бұл тіл үйренушілердің тілді өз бетінше үйренуіне сәтті әсер еткендігін көрсеткен. Авторлардың қорытындылауына егер біз тіл үйренушілердің тілді жылдам үйренуін арттырғымыз келсе сабақтан тыс уақытта да қолдана алатын платформалардың дамуына ықпал етуіміз және осы онлайн білім беру саласын көбірек зерттеуіміздің қажеттілігін айтып өткен.

Duolingo платформасы секілді қазіргі кезде жиі қолданыста жүрген платформалардың бірі ол – Babbel. Бұл платформа да өзге тілді үйренуге қолайлы әрі қолжетімді. Babbel-дің АҚШ-та 1 миллионнан астам ақылы тіркелушілері бар. Платформа бастауыш деңгейден бастап орта деңгейге дейінгі тіл үйренушілер үшін өте қолайлы. Babbel қолданбасы <https://www.babbel.com> мазмұнды жеткізу және пайдаланушылардың сөйлеу және тыңдау қабілеттерін бағалау үшін 14 тіл курсына ұсынады. Мириам Плиен Ингермен журналистің сұхбатына қысқаша тоқталып өтсек, бұл сұхбатта аталған қосымша туралы айта келе қазіргі уақытта тіл үйренушілер смартфон немесе басқа да құрылғылар арқылы тілді оңай әрі тез үйреніп жатқандығын соның бірі ретінде Babbel қосымшасының да трендте екендігі айтылып өткен.

Мириам Плиенингердің пікірі бойынша «Онлайн тіл үйренудің қазіргі уақытта танымалдылығы сол оның оңай әрі қолжетімді болуында. Бұл өзге тілді үйрену үшін адамның физикалық күшін қатты алмайды және тым көп уақыт та кетпейді сонымен қоса ақшаны немесе күшті артық жұмсамай-ақ оқуыңызды бастай беруіңізге болатындығымен де қолайлы. Ашық білім беру платформаларының икемділігі сол екі пойыз арасындағы бос бес минуттық уақыттың өзінде сөздік қорды үйрену және қайталауға мүмкіндігіңіз болады. Айта кетейік басқа тәсілдер, мысалы, тұрақты тіл курстарына бару немесе жергілікті тілді үйрену үшін басқа елде уақыт өткізу, көпшілік үшін қолжетімді емес. Сол себептен де осы тіл үйрену платформалары бізге қажет. Алайда екі дүниені біріктіріп оқытқан дұрыс. Онлайн тіл үйрену платформалары офлайн оқыту нәтижелерін арттыруға көмектеседі. Десек те қазіргі уақытта онлайн тіл үйрену нарығы енді ғана қолға алынып дами бастады» дейді [11].

Тағы да бір әлемге танымал платформалардың бірі – Busuu. Busuu – шет тілін өз бетімен үйренуге арналған қолданба. Ол – дүниежүзіндегі 100 миллионнан астам студентке онлайн және мобильді құрылғыларда 12 тіл курсына ұсынатын әлемдегі ең ірі тіл үйрететін әлеуметтік желі. Платформаға тегін тіркеле отырып төрт тіл дағдысы арқылы тілді үйрене аламыз, ал грамматика және сөздік сияқты қосымша мүмкіндіктерді ашу үшін Premium-ге жазылу қажет. Тіркелушілер бұл қолданбаны қолдану арқылы тілдің бастапқы деңгейі (A1), негізгі деңгейі (A2), орта деңгейі (B1) және жоғары орта деңгейлерін (B2) үйрене алады және бұл қолданба халықаралық стандарттарға сәйкес келеді. Жоғарыда айтып өткеніміздей, Busuu тіл курстары төрт дағдыны қамтиды - тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу.

«Сөйлесім дағдысын дамытуда Busuu платформасын пайдаланудың тиімділігі» атты мақалада зерттеушілер Busuu қолданбасының студенттердің сөйлеу дағдыларына айтарлықтай әсері бар-жоғын анықтау үшін оқушыларды осы қолданбаны қолданғанға дейін және кейінгі деңгейлерін салыстыру және сипаттау әдістерін пайдалана отырып зерттеген. Авторлардың қорытындысы бойынша «SMK Darul-Ulum Kuningan оныншы сынып оқушыларының ауызекі сөйлеу дағдыларын жетілдіруде Busuu қолданбалы медианы пайдалана отырып, сөйлеуді оқыту тиімді деген қорытынды жасауға болады» дейді. Мақалада аталған платформаны тиімсіз деп айтқан ғалымдардың пікірін жоққа шығара отырып өздерінің нақты дәлелдемелерін келтіру арқылы Busuu қолданбасын қолдана отырып оқыту тиімді деп айтқан мақалаларды қолдайтындығын жазып өтеді [12].

ҚОРЫТЫНДЫ

Әлемдік лингвистикада тілді қашықтықтан оқыту әдістемесін зерттеу технологияның дамуымен және тілді үйренудің икемді нұсқаларының қажеттілігімен маңыздырақ болып отыр. Тілді қашықтықтан оқыту дегеніміз – географиялық орналасуына қарамастан оқушыларға тіл үйрену мүмкіндіктеріне қол жеткізуге мүмкіндік беретін онлайн платформалар, интерактивті бағдарламалық қамтамасыз ету немесе виртуалды сыныптар арқылы жаңа тілді меңгеру. Әлемдік лингвистика саласында зерттеушілер бұл әдістеменің тиімділігін арттыру және ондағы проблемаларды шешу үшін оның әртүрлі аспектілерін зерттеу үстінде.

Цифрлық ғасыр қолжетімділіктің, ыңғайлылықтың және өзара байланыстылықтың жаңа дәуірін бастады. Интернетте кең таралған онлайн платформалар оқушыларға интерактивті сабақтар мен мультимедиялық мазмұннан бастап тіл алмасу форумдары мен нақты уақыттағы байланыс құралдарына дейін бұрын-соңды болмаған ресурстарды ұсынады. Бұл платформалар тіл үйренуді демократияландырып, оны икемді, жекелендірілген және бүкіл әлем бойынша жеке адамдар үшін қолжетімді етті. Сонымен қатар, олар бұрын-соңды болмаған ауқымда мәдениетаралық өзара әрекеттесетін үйренушілер мен спикерлердің жаһандық қауымдастығын дамыту арқылы тілді меңгеру динамикасын түбегейлі өзгертті.

Дегенмен, біз онлайн тіл үйренудің үнемі кеңейіп жатқан ландшафтына үңілген сайын, осы платформалардың тиімділік тұсы мен теріс салдарын сыни тұрғыда қарастыруымыз қажет. Пайдалы жағы көп болып көрінгенімен онлайн оқу лингвистикалық құзыреттілікке, мәдени түсінуге және педагогикалық нәтижелерге әсері туралы сұрақтар көп. Бұл зерттеу мақаламыз онлайн тіл үйрену платформаларының көп қырлы өлшемдерін зерттеуге, олардың күшті жақтарына, шектеулеріне және тіл білімінің дамып келе жатқан ландшафтына қосқан үлес болып есептеледі.

Зерттеу нәтижесі бойынша айтқымыз келетіні: әлем тіл біліміндегі тілді қашықтықтан оқыту әдістемесін зерттеу әртүрлі зерттеу салаларын, соның ішінде оқыту әдістемесін, оның проблемалары мен шешімдерін және зерттеуші ғалымдардың әр платформаны өз тәжірибелерінен өткізе отырып, олардың тиімді және осал тұстарын, онлайн оқыту туралы өз көзқарастары мен бағалауларының қамтылғандығын атап өткіміз келеді. Осы саладағы зерттеушілер студенттердің тілдік құзыреттілігін арттыруға және халықтың кең ауқымы үшін тілдік білімге қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған тілдерді оқытудың тиімді және инновациялық тәсілдерін дамытуға үлес қосуда. Түрлі стратегиялардың тиімділігін зерттеу, мәселелерді шешу және сенімді бағалау құралдарын жасау арқылы зерттеушілер тілдерді қашықтықтан оқыту және оның әлемдік тіл білімін зерттеуге интеграциялау саласын алға жылжытуда.

Біз де, қазақстандық ғалымдар, елімізде білім алып жатқан және өзге мемлекетте жүрсе де қазақ тіліне деген қызығушылығы бар шетелдік азаматтардың мемлекеттік тілімізді үйренуге деген қызығушылығын арттыру үшін қазақ тілін шет тіл ретінде ашық білім беру платформасы арқылы оқытуды ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздей отырып, қазақ тілін үйретудің қазіргі заман талабына сай әдістемесін ұсынуымыз қажет.

Бұл мақала №AP19677903 Қазақ тілін шет тіл ретінде оқытуда ашық білім беру платформасын пайдаланудың ғылыми-әдістемелік негіздері гранттық жобасы аясында орындалды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасының Электрондық Үкіметі. (2023). Мемлекеттік (қазақ) тілді дамыту мен қолдану [Электрондық ресурc]. – URL: https://egov.kz/cms/kk/articles/culture/kurs_kazakhskogo_yazika?ysclid=iac5zttf6862032813

- 2 Жақан Г. (2018). Қазақ тілінің шет елдегі рөлі: қазақ тілін меңгерген шетелдіктер сырын ашты [Электрондық ресурс]. – URL: <https://qamshy.kz/article/40128-qazaq-tilinh-shet-eldegi-rol-i-qazaq-tilin-menhgergen-sheteldikter-syryn-ashty>
- 3 Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы [Электрондық ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>
- 4 Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы [Электрондық ресурс]. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K060002006_
- 5 Фазуллина А. Открытое образование в сфере РКИ: лучшие сайты // Альманах «Этнодиалоги». – 2018 – №2 (56) – С. 302-308.
- 6 Michigan S, Crowther D, et al. (2019). Mobile-assisted language learning: A Duolingo case study. European Association for Computer Assisted Language Learning, ReCALL, 1–19. <http://dx.doi.org/10.1017/S0958344019000065>
- 7 Huynh D, Zuo L, Iida H. (2018). An assesment of Game Elements in Language-Learning Platform Duolingo. 4th International Conference on Computer and Information Sciences (ICCOINS). <http://dx.doi.org/10.1109/ICCOINS.2018.8510568>
- 8 Munday P. (2016). The case for using DUOLINGO as part of the language classroom experience. RIED, v. 19: 1, 83-101. <http://dx.doi.org/10.5944/ried.19.1.14581>
- 9 Fryer L, Carpenter R. (2006). EMERGING TECHNOLOGIES Bots as Language Learning Tools [Электрондық ресурс]. – URL: <http://lt.msu.edu/vol10num3/emerging/>
- 10 Lai C, Shum M, Tian Y. (2016). Enhancing learners' self-directed use of technology for language learning: the effectiveness of an online training platform. Computer Assisted Language Learning, vol. 29 (1), 40–60. <http://dx.doi.org/10.1080/09588221.2014.889714>
- 11 Bauer D, Rathje B. (2014). Miriam Plieninger on Language Learning with Babbel. XRDS: Crossroads, The ACM Magazine for Students – vol. 21(1). <http://dx.doi.org/10.1145/2659895>
- 12 Mulyadi A, Maesaroh M. (2021). The Effectiveness Of Using “Busuu” In Teaching Speaking. Jurnal Fakultas Keguruan dan Ilmu Pendidikan, vol. 2(3), 94-98.

Материал 10.10.2023 баспаға түсті

Исследование методики преподавания иностранного языка через онлайн платформы в мировой лингвистике

Ж.Р. Абнасырова¹, А.Ф. Сембаева², Г.А. Ескермесова², Б.Д. Мұқаш¹

¹SDU University, Каскелен, 040900, Республика Казахстан

²Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, 050000, Республика Казахстан

В эпоху современных цифровых технологий человек, желающий выучить нужный ему язык, может освоить его через интернет. Люди используют компьютеры, смартфоны, планшеты и телефоны как средство общения друг с другом, а в настоящее время с помощью этих средств удается овладеть и другим языком. Теперь они являются не только средством общения, но и необходимым инструментом получения новых знаний и навыков. Их преимущество в том, что можно легко получить доступ к тому, что вы хотите изучить и узнать в любом месте и в любое время.

Если рассматривать методику обучения мировому языку, то в настоящее время, благодаря доступности мобильных технологий, для изучающих язык разработано большое количество открытых образовательных платформ для самостоятельного изучения желаемого языка в любом месте и в любое время, эти платформы исследуются всесторонне.

В статье проведен обзор мировых исследовательских работ по выявлению научно-теоретических основ методики преподавания иностранного языка через открытую образовательную платформу, а также обобщены научные выводы и практические

направления развития методики преподавания казахскому языку как иностранному через открытую образовательную платформу.

Ключевые слова: открытая образовательная платформа, дистанционное обучение, казахский язык, обучение языку как иностранному, цифровые технологии.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Электронное правительство Республики Казахстан. (2023). Развитие и использование государственного (казахского) языка [Электронный ресурс]. – URL: https://egov.kz/cms/kk/articles/cultural/kurs_kazakhskogo_yazika?ysclid=lac5zttf6862032813
- 2 Жакан Г. (2018). Роль казахского языка в чужой стране: иностранцы, выучившие казахский язык, раскрыли тайну [Электронный ресурс]. – URL: <https://qamshy.kz/article/40128-qazaq-tilininh-shet-eldegi-rol-i-qazaq-tilin-menhergen-sheteldikter-syryn-ashty>
- 3 Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан. Государственная программа «Цифровой Казахстан» [Электронный ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>
- 4 Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан. Стратегия Казахстана по вхождению в 50 наиболее конкурентоспособных стран мира [Электронный ресурс]. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K060002006_
- 5 Фазуллина А. Открытое образование в сфере РКИ: лучшие сайты // Альманах «Этнодиалоги». – 2018 – №2 (56) – С. 302-308.
- 6 Michigan S, Crowther D, et al. (2019). Mobile-assisted language learning: A Duolingo case study. European Association for Computer Assisted Language Learning, ReCALL, 1–19. <http://dx.doi.org/10.1017/S0958344019000065>
- 7 Huynh D, Zuo L, Iida H. (2018). An assesment of Game Elements in Language-Learning Platform Duolingo. 4th International Conference on Computer and Information Sciences (ICCOINS). <http://dx.doi.org/10.1109/ICCOINS.2018.8510568>
- 8 Munday P. (2016). The case for using DUOLINGO as part of the language classroom experience. RIED, v. 19: 1, 83-101. <http://dx.doi.org/10.5944/ried.19.1.14581>
- 9 Fryer L, Carpenter R. (2006). EMERGING TECHNOLOGIES Bots as Language Learning Tools [Электронный ресурс]. – URL: <http://llt.msu.edu/vol10num3/emerging/>
- 10 Lai C, Shum M, Tian Y. (2016). Enhancing learners' self-directed use of technology for language learning: the effectiveness of an online training platform. Computer Assisted Language Learning, vol. 29 (1), 40–60. <http://dx.doi.org/10.1080/09588221.2014.889714>
- 11 Bauer D, Rathje B. (2014). Miriam Plieninger on Language Learning with Babbel. XRDS: Crossroads, The ACM Magazine for Students – vol. 21(1). <http://dx.doi.org/10.1145/2659895>
- 12 Mulyadi A, Maesaroh M. (2021). The Effectiveness Of Using “Busuu” In Teaching Speaking. Jurnal Fakultas Keguruan dan Ilmu Pendidikan, vol. 2(3), 94-98.

Материал поступил в редакцию журнала 10.10.2023

Investigating the methodology of teaching a foreign language through online platforms in world language education

Zh. R. Abnassyrova¹, A. G. Sembayeva², G. A. Yeskermessova², B. D. Mukash¹

¹SDU University, Kaskelen, 040900, Kazakhstan

²Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, 050000, Kazakhstan

In the modern age of digital technology, one who wants to learn a language can do it with the Internet's help. People use computers, smartphones, tablets, and telephones as a means of communication. Nowadays, by using these means of communication, it is possible to learn another language. Now, technology is a means of communication and a necessary tool for acquiring new knowledge and skills. The advantage of using technology is that it is easily accessible and portable.

Nowadays many open educational platforms for language learners are available at any place and at any time, and those platforms are being thoroughly studied.

The article reviews world researches to determine the scientific-theoretical basis of the methodology of teaching a foreign language through an open educational platform. It summarises the scientific findings and practical directions in the methods of teaching of world languages through an unrestricted educational platform and discusses the need to develop teaching of the Kazakh language as a foreign language through an open educational platform.

Key words: open educational platform, distance learning, Kazakh language, teaching as a foreign language, digital technologies.

REFERENCES

- 1 Bauer D, Rathje B. (2014). Miriam Plieninger on Language Learning with Babbel. XRDS: Crossroads, The ACM Magazine for Students – vol. 21(1). <http://dx.doi.org/10.1145/2659895>
- 2 Electronic government of the Republic of Kazakhstan. (2023). Memlekettik (kazak) tildi damytu men koldanu [Development and use of the state (Kazakh) language] [Electronic Resource]. – URL: https://egov.kz/cms/kk/articles/culture/kurs_kazakhskogo_yazika?ysclid=lac5zttf6862032813 (in Kazakh)
- 3 Fazullina, A. (2018) Otkrytoe obrazovaniye v sfere RKI: luchshie saity [Open education in the field of RKI: the best site] // Almanakh «Etnodialogi». – №2 (56) – pp. 302-308. (in Russian)
- 4 Fryer L, Carpenter R. (2006). EMERGING TECHNOLOGIES Bots as Language Learning Tools [Electronic Resource]. – URL: <http://lt.msu.edu/vol10num3/emerging/>
- 5 Huynh D, Zuo L, Iida H. (2018). An assesment of Game Elements in Language-Learning Platform Duolingo. 4th International Conference on Computer and Information Sciences (ICCOINS). <http://dx.doi.org/10.1109/ICCOINS.2018.8510568>
- 6 Information and legal system of normative legal acts of the Republic of Kazakhstan. «Cifrlı Kazakstan» memlekettik bagdarlamasy [State program "Digital Kazakhstan"] [Electronic Resource]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827> (in Kazakh)
- 7 Information and legal system of normative legal acts of the Republic of Kazakhstan. Kazakstannyn alemdegi basekege barynsha kabiletı 52 eldin kataryna kiry strategiyasy [Kazakhstan's strategy to enter the 50 most competitive countries in the world] [Electronic Resource]. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K060002006_ (in Kazakh)
- 8 Lai C, Shum M, Tian Y. (2016). Enhancing learners' self-directed use of technology for language learning: the effectiveness of an online training platform. Computer Assisted Language Learning, vol. 29 (1), 40–60. <http://dx.doi.org/10.1080/09588221.2014.889714>
- 9 Michigan S, Crowther D, et al. (2019). Mobile-assisted language learning: A Duolingo case study. European Association for Computer Assisted Language Learning, ReCALL, 1–19. <http://dx.doi.org/10.1017/S0958344019000065>
- 10 Mulyadi A, Maesaroh M. (2021). The Effectiveness Of Using “Busuu” In Teaching Speaking. Jurnal Fakultas Keguruan dan Ilmu Pendidikan, vol. 2(3), 94-98.
- 11 Munday P. (2016). The case for using DUOLINGO as part of the language classroom experience. RIED, v. 19: 1, 83-101. <http://dx.doi.org/10.5944/ried.19.1.14581>
- 12 Zhakan G. (2018). Kazak tilinin shet eldegi roli: kazak tilin mengergen sheteldikter syryn ashty [The role of the Kazakh language in a foreign country: foreigners who have learned the Kazakh language revealed the secret] [Electronic Resource]. – URL: <https://qamshy.kz/article/40128-qazaq-tilininsh-et-eldegi-rol-i-qazaq-tilin-menhgergen-sheteldikter-syryn-ashty> (in Kazakh)

Received: 10.10.2023